АПАЧИНСКИЙ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

БОКСТА СЕКУНДАНТ БОЛА БІЛУДІҢ ӨЗІ ӨНЕР. БҰЛ ӨЗІ БАПКЕРДЕН АСА БІЛІКТІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ДҮНИЕ. ЖАСЫРАТЫНЫ ЖОҚ, ҚАЗІРГІ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРДЫҢ КӨБІ МҰНЫ ДҰРЫС МЕҢГЕРМЕГЕН. МӘСЕЛЕН, ЖАНТАЛАСҚАН ЖЕКПЕ-ЖЕКТІҢ ҮЗІЛІСІНДЕ БОКСШЫ 20 СЕКУНДҚА ДЕЙІН ЕШТЕҢЕ ҰҚПАЙДЫ, СЕНІ ЕСТІМЕЙДІ ДЕ. АЛ ҚАЗІРГІ БАПКЕРЛЕР БОЛСА, БОКСШЫНЫ ДҰРЫС ДЕМАЛДЫРУДЫҢ ОРНЫНА ДӘЛ СОЛ СӘТТЕ ОҒАН ҚАЛАЙ ЖҰДЫРЫҚТАСУ КЕРЕКТІГІН АЙҚАЙЛАП ТҰРЫП ҮЙРЕТЕ БАСТАЙДЫ...

→3,5

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады | Республикалық апталық | qazaqsporty.kz | №16 (5367) 14 мамыр 2022 жыл | Газет сенбі күні шығады | kazakh_sporty@mail.ru

РЕФЕРЕНДУМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БЕЙНЕҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата Заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған кәміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады.

Конституциялық реформа барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқындалады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

Құрметті отандастар!

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын!

Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін!

Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда!

Күшіміз – бірлікте!

Бірге болайық!

Береке-бірлігімізді нығайтайық!

ОТАНДАСЫМЫЗ СУРДЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

БРАЗИЛИЯДА ӨТІП ЖАТҚАН 24-ШІ ЖАЗҒЫ СУРДЛИМПИАДАДА ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНЕН ЖАРЫСТАР АЯҚТАЛДЫ. БҰЛ СЫНДА 130 КЕЛІДЕ ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАН ХАЙРАТХАН ШОНКУ ҚАРСЫЛАС ШАҚ КЕЛТІРМЕЙ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ. ОТАНДАСЫМЫЗ ФИНАЛДЫҚ КЕЗДЕСУДЕ ТҮРІК СПОРТШЫСЫ МЕХМЕТ ЮСАЛДЫ АЙҚЫН БАСЫМДЫҚПЕН ЖЕҢІП, АЛТЫН МЕДАЛЬ ИЕГЕРІ АТАНДЫ.

Өз кезегінде 97 келіде Асылжан Тәжиев Иран спортшысына есе жіберіп, жарысты күміс жүлдемен қорытындылады. Ал Нұржан Асан (77 кг), Алдияр Балташевтар (60 кг) үшінші орын үшін болған бәсекеде қарсыластарынан басым түсіп, қос спортшымыз ел қоржынын тағы екі қоламен толықтырды.

Сурдо грек-рим күресінен ұлттық құраманың аға бапкері Ерлан Мұқажан спортшылардың нәтижесіне көңілі толғанын айтты.

«Жігіттер ерледі. Қаншама оқу-жаттығу жиындары мен жаттығулардың арқасында осындай нәтиже көрсетті. Бір алтын, бір күміс, екі қола – бұл біз үшін үлкен жетістік. Алдағы уақытта дайындығымызды шыңдай түсіп, келесі сурдлимпиадада бұдан да жоғары нәтиже көрсететінімізге сенімдімін», деді аға бапкер.

Есту мүшесі зақымданған спортшылар арасындағы төрт жылдықтың дүбірлі додасы 16 мамырға дейін жалғасады. Қазір Қазақстан құрамасының қоржынында 1 алтын, 4 күміс, 17 қола жүлде бар.

БАСПАСӨЗ-2022

Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

*Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, **«Қазақ спорты»** газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.*

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

*«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190,** кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190.***

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25	2058,75	4117,50	8235,00	Қала
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл

«Эврика пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	

«Еуразия пресс»

64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	

«Бектұрғанов»

64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

ТЕННИС ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БІР ДЕ БІР ҚАЛАСЫНДА ЖОҚ БІРЕГЕЙ ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ. ОБЛЫС ӘКІМІ Д.АХМЕТОВ, ҚАЗАҚСТАН ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Д.АБЫЛҒАЗИН ЖИНАЛҒАНДАРДЫ ЗАМАНАУИ СПОРТ КЕШЕНІНІҢ АШЫЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

– Соңғы жылдары үстел теннисі тек республикада емес, шырайлы шығыста да дамып келеді. Қазір өңірде 500-ге тарта үстел теннисі секциясы жұмыс істеп, оларда 11 мыңнан астам адам жаттығуда. Нәтижесінде кенді Алтай теннисшілері халықаралық сайыстарда жүлде тере бастады. Ал бүгінгі ашылған керемет орталықта спортшылар денсаулығын түзейді, физиотерапия, басқа да ем алады. Басқа да жағдай жасалған. Федерация алдағы уақытта та қолдау көрсетеді, – деді федерация президенті.

Орталықта екі үлкен жаттығу залы бар. Бұл жерде 58 үстел теннисі тұр. Демек бір мезетте 120 бала жаттыға алады. Ол ол ма, көрермендер үшін 300 орын сайланған. Нысанның жабдықтары әлемдік стандарттарға сай. Алдағы уақытта халықаралық сайыстарды да өткізуге мүмкіндік бар.

Спорт кешенін аралап болған соң құрметті қонақтар жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырды. Балғын спортшылармен ескерткіш суретке түсті.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан
облысындағы меншікті тілшісі

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ҚАШАН ОЙНАЙДЫ?

ДЭВИС КУБОГЫНЫҢ D ТОБЫНДА СЫНҒА ТҮСЕТІН ТЕННИСТЕН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ 13-18 ҚЫРКҮЙЕК АРАЛЫҒЫНДА ГЛАЗГОДА (БРИТАНИЯ) КОРТҚА ШЫҒАДЫ.

13 қыркүйекте құрамамыз Нидерландпен кездеседі. Матч елорда уақытымен 21:00-де басталса, екінші кездесу 15 қыркүйекте АҚШ құрамасымен болмақ. Басталу уақыты – 21:00. Қорытынды ойын 18 қыркүйекте Ұлыбританиямен өтеді. Басталу уақыты – 19:00.

Дэвис кубогының топтық кезеңі әртүрлі төрт қала өтіп, плей-офф кезеңі Испанияның Малагасында ұйымдастырылмақ. Төрт топтан плей-оффқа үздік екі команда шығады. Жеңімпаз 23-27 қараша аралығында анықталады.

Өзге топтардың ойындары Болонья (Италия), Валенсия (Испания) және Гамбургте (Германия) өтеді.

Болоньяда өтетін А тобында Италия, Хорватия, Аргентина және Швеция өзара кім мықтыны анықтаса, Валенсиядағы В тобында Испания, Канада, Сербия мен Оңтүстік Корея ойнайды. Гамбургтегі С тобында Германия, Франция, Бельгия мен Аустралия бар.

Естеріңізге сала кетейік, іріктеу кезеңінде Қазақстан құрамасы Норвегиядан басым түскен.

«АСТАНА» АЯҢДАП КЕЛЕДІ

«ДЖИРО Д'ИТАЛИЯ» КӨПКҮНДІГІНІҢ БЕСІНШІ КЕЗЕҢІ 30 ЖАСТАҒЫ ФРАНЦИЯНЫҢ ВЕЛОШАБАНДОЗЫ АРНО ДЕМАРДЫҢ (GROUPAMA-FDJ) ЖЕҢІСІМЕН АЯҚТАЛДЫ.

Катания мен Мессина аймақтары аралығын жалғаған 174 шақырым қашықтықты Демар 4 сағат 03 минут 56 секундта жүріп өтті. Одан кейінгі сатыларға колумбиялық Фернандо Гавирия (UAE Team Emirates) мен италиялық Джакомо Ниццоло (Israel-Premier Tech) жайғасты. Ал жалпы есептегі жағдай өткен кезеңмен салыстырғанда еш өзгерген жоқ. АҚШ-тың Trek-Segafredo клубы сапында өнер көрсететін Хуан-Педро Лопес әлі де алдына жан салар емес. Немістердің BORA-hansgrohe командасының велошабандозы Леннард Кемна оны өкшелеп келеді. Үшінші орынды эстониялық Рейн Таарамяэ (Intermarché-Wanty-Gobert Materiaux) иеленуде.

Апеннин түбегіндегі жарыста «Астана» әлі де құлашын кеңінен жая алатын емес. Қазақстандық клубтың мүшелері арасында озған 25 жастағы колумбиялық легионер Харольд Техаданың нәтижесі – 28-орын.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАН ЕКІ АЛТЫН

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БҰРЫМДЫ БАЛУАНДАР БОЛГАРИЯДА ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДІ СӘТТІ БАСТАДЫ.



Болгарияда әйелдер күресінен «Петро Сираков және Иван Илиев» атындағы халықаралық турнир басталды.

ҚР ҰОК мәліметінше, 23 жасқа дейінгі балуандар арасында өткен халықаралық бәсекеде Қазақстан құрамасы бес медаль жеңіп алды.

Алғашқы жарыс күнінде жеңіс тұғырынан көрінген қазақстандық спортшылар тізімі:

Алтын – Д.Каюмова (59 келі);

Алтын – Г.Бухаева (65 келі);

Күміс – Л.Алмағанбетова (55 келі);

Қола – А.Ибрашева (59 келі);

Қола – М.Иманбекова (68 келі).

ЖЕТІНШІ РАКЕТКАҒА ШАМАСЫ КЕЛМЕДІ

ӘЛЕМНІҢ 40-РАКЕТКАСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЮЛИЯ ПУТИНЦЕВА РИМ WTA 1000 ТУРНИРІНІҢ ШИРЕК ФИНАЛЫНА ШЫҒА АЛМАДЫ.

ҚТФ баспасөз қызметінің мәліметінше, Путинцева үшінші айналымда әлемнің 7-ракеткасы, жуырда Мадрид турнирінің жеңімпазы атанған тунистік Онс Жабермен шеберлік байқасты. Осыған дейін қарсыластар екі рет кездесіп, екеуінде де Жабер жеңіске жеткен еді.

Бұл жолы бірінші партияда екі брейк жасаған тунистік теннисшінің мерейі үстем болды, есеп – 6:3. Содан кейін екінші сетті ол тағы бір брейкпен тәмамдады, есеп – 6:2.

АЙКИДОДАН АЛҒАШҚЫ ТУРНИР

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ ТІКЕЛЕЙ ҚОЛДАУЫМЕН АЛҒАШ РЕТ АЙКИДОДАН ҚАЛАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ. ОҒАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АЙКИДО АЙКИКАЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ ҚАТЫСТЫ. ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРА ҚАЛАМЫЗДАҒЫ №2 БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Турнир басталмай тұрып Жеңіс күніне арналған викториналық сұрақтар қойылып, оған жарысқа қатысушылар өз жауаптарын берді. Ал «Рандори – тәсілдерді еркін орындау» бағдарламасы бойынша турнирде 7 және 18 жас аралығында өзара бақ сынасқан спортшылар сайыс соңында қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің диплом және медальдерімен марапатталды.

Турнирге айкидодан нұсқаушы Асан Молдағали мен тәжірибелі айкидошы Әділбек Ибрагимов төрелік етті.

Турнирдің марапаттау рәсіміне Түркияның Ыстанбұл қаласындағы айкидо клубында нұсқаушы болып істейтін жерлесіміз, III дан иесі Нина Атабай қатысты. Ол қаламызға арнайы өзінің жеке іссапарымен келген болатын. Нина Атабай турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтап, айкидоның дамуына оң бағасын берді.

Асан НАРЫНБАЙҰЛЫ,
Батыс Қазақстан облысының Айкидо айкикай
федерациясының нұсқаушысы

АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ!

БАСТЫ НАЗАРДА – БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

– БҰРЫНДАРЫ «САЙХАН» СПОРТ КЛУБЫ АТАНЫП КЕЛГЕН МЕКЕМЕНІҢ АТЫН БҰДАН БЕС ЖЫЛ БҰРЫН «ЗАЙСАН АУДАНДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ, – ДЕП ӨЗГЕРТТІК ДЕП БАСТАДЫ СӨЗІН ОРТАЛЫҚТЫҢ БАСШЫСЫ ДАРХАН НҰРАЛЫҰЛЫ ӘБІЛХАНОВ. – МАҚСАТЫМЫЗ БЕЛГІЛІ, ЖАС БУЫНДЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ОЛАРДЫ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА КЕҢІНЕН ТАРТУ АРҚЫЛЫ ЖАҚСЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУ. БҰЛ КҮНДЕРІ БІЗДІҢ ОРТАЛЫҚТА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТПЕН БІР МЫҢҒА ТАРТА БАЛАЛАР МЕН ЕРЕСЕКТЕР ШҰҒЫЛДАНУДА. ОЛАРҒА БІЛІМІ МЕН БІЛІКТІЛІГІ ҚАТАР ОНДАҒАН ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН ДӘРІС БЕРУДЕ.

Суреттерде: аудан әкімі Серік Зайнулдин. Орталық директоры Дархан Әбілханов (сол жақта), спорт ардагері Зайнолда Кенжебекұлы, спорт мектебінің директоры Секен Бодаев, бокс турнирі

Былтырғы және биылғы жылдың төрт айындағы спортты дамыту орталығының нәтижесі қуантарлықтай. Риддер қаласында жалауы желбіреген дзюдодан өңір біріншілігінде үш бірдей сапалақ, атап айтқанда, Н.Насихатұлы, Е.Рахатұлы, М.Рауанұлы жүлделі орындарды иеленді. Ақпан айында Аягөз қаласында өткен аймақ чемпионатында Е.Тоқтарбеков, Е.Қабылғажы деген шәкірттер күміс және қола медальді олжалаған. Іле-шала наурызда Алтай ауданының Бұқтырма кентінде өткен бокстан облыстық турнирде үш шәкірті бірінші, ал екеуі үшінші орынды иеленді. Семей қаласында 2004-2005 жылдары туған жасөспірімдер арасында қазақша күрестен өткен облыс біріншілігінде төрт бірдей зайсандық балуан екінші және үшінші орынды иеленді. Ал наурызда Нұр-Сұлтан қаласында жалауы желбіреген турнирде үш шәкірті жүлделерді бөлісті.

– Бізде қазақша күрес, дзюдо, самбо, бокс жақсы дамып келеді. Өткен жылы шәкірттеріміз жүзден астам дүбірлі жарысқа қатысып қайтты. Олардан олжалы оралдық. Атап айтар болсақ, ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған және Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы Мұқанғали Бекмұханбетовті еске алуға арналған дзюдо күресінен халықаралық турнирде Қарқын Қасиет – екінші, ал Елара Елшатұлы үшінші орынды жеңіп алды. Өткен жылдың желтоқсанында Абай ауданында дзюдодан өткен облыстық ашық турнирде Бекжан Тоқтарбеков, Нұрбек Қисанов, Әбдуәлім Зайнолдаұлы чемпион, тағы төрт бірдей шәкіртіміз екінші, үшінші орындарға табан тіреді. Биылғы ақпан айында дзюдодан Семей қаласында өткен жасөспірімдер мен қыздар арасында өткен облыс чемпионатында Қарқын Қасиет чемпион атанса, Бекжан Тоқтарбеков, Аяулым Құрманбекова, Мәулітия Әлембекқызы жүлдегер атанды. Болашағынан үміт күтетін Қарқын Қасиет наурыз айында еліміздің астанасында жалауы желбіреген республика біріншілігінде қола жүлдегер атанды. Мұның алдында аудан орталығында жерлесіміз, бокстан КСРО спорт шебері, одақта чемпион атанған Марат Орманбетовты еске алуға арналған облыстық турнир өтіп, оған жұбайы Гүлмира Орманбетова, достары, туыстары, қыздары мен күйеу балалары қатысты. Ауданда бокстан тұңғыш рет өткен турнир аса тартысты, мағыналы өтті. Жақында ғана шырайлы Шымкенттен бізге қуанышты хабар жетті. Шымкентте 2005-2008 жылдар аралығында туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен ел чемпионаты өтіп, дүбірлі жарыста Мәулітия Әлембекқызы алтыннан алқа тақты. Аяла Тоқтарқызы мен Аяулым Құрманбекова екінші және үшінші орындарды бөлісті, – деді Дархан Нұралыұлы.

Реті келгенде айта кету керек, Зайсан аудандық бұқаралық спортты дамыту орталығының ұжымы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саламатты өмір салтын ұстана отырып, бұқаралық спортты дамытуда көп ізденіс танытуда. Қазір ауданның кез келген елдімекендерінде спорт ғимараттары бар, ол жерде ересектермен бірге балалар да тегін жаттыға алады. Зайсанда бірнеше жыл бұрын воркаут алаңы іске қосылған, мүмкіндігі шектеулі жандар да спортты өздеріне серік еткен. Аудан орталығындағы жабық бассейн өз есігін тұрғындарға айқара ашқан. Аудан әкімі Серік Зинабекұлы Зайнулдин бұқаралық спорттың дамуына ерекше назар аударады. Аудан басшысының айтуынша, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауындағы тапсырмалар жүзеге асуда. Қорыта айтқанда, зайсандықтар еңбек пен спортты қатар өркендете бермек.

Оңдасын ЕЛУБАЙ,
«Қазақ спорты» газетінің
Шығыс Қазақстан облысындағы
меншікті тілшісі

АПАЧИНСКИЙ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

«ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ ЖОҚ» ДЕП АТАЛАРЫМЫЗ ТЕГІН АЙТПАҒАН. БҰЛ КҮНДЕ АТЛАНТА-1996 ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ, БАРКЕР КУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРІ, КӘСІПҚОЙ БОКСТАН IBF ЖӘНЕ WBA ТҰЖЫРЫМДАРЫ БОЙЫНША ӘЛЕМНІҢ ЭКС-ЧЕМПИОНЫ ВАСИЛИЙ ЖИРОВТЫҢ ЕСІМІ ДЕ ЕЛ ЖАДЫНАН ӨШЕ БАСТАҒАН. ТАРИХҚА АТЫН АЛТЫНМЕН ӨЗІ ЖАЗЫП КЕТКЕННЕН КЕЙІН, АМАЛ ЖОҚ, КЕЙ-КЕЙДЕ, ӘЛДЕБІР ҚҰЖАТ ҮШІН ӨМІРБАЯНЫ ҚАЖЕТ БОЛҒАН КЕЗІНДЕ ҒАНА ЕСІМІЗГЕ АЛАМЫЗ. ЖӘ-ЖӘ, ЖАРАР, ЖИРОВТЫ ҚОЙШЫ, АМЕРИКА АСЫП КЕТТІ, ТЫМ АЛЫСТА... АЛ ОНЫҢ ЖЕКЕ БАПКЕРІ ШЕ? АЛЕКСАНДР ИВАНОВИЧ АПАЧИНСКИЙДІ АЙТАМЫЗ ДА: МЫНА ТҰРҒАН БАЛҚАШТА ЕМЕС ПЕ ЕДІ ӨЗІ? БАР МА ӨЗІ, ТӘҢІРІ ЖАРЫЛҚАҒЫР, НЕ ІСТЕП ЖҮР ЕКЕН, ҚАЗАҒЫМА БАРКЕР КУБОГЫНАН ТҰҢҒЫШ ОЛЖА САЛҒАН ТАРЛАН БАПКЕР?

Көкше теңіз толқынымен тербеп жатқан керім қала Балқашта Тілеугерей Мақанәлин деген ағамыз тұрады. Кезінде қолына былғары қолғап киіп, шаршы алаңның шаңын шығарған байырғы боксшы. Бүгінгі күнде дөңгелетіп отырған шаруасы бар кәсіпкер. Сол ағамыз Балқаштағы боксты көтерем деп соңғы жылдары бірталай істі қолға алған. Соның бірі – міне, екі-үш жылдың мұғдары болды, ол Балқашта жасөспірімдер арасында халықаралық турнир ұйымдастырып жүр.

Биылғы жаз өткен сол жарысқа біз де барып, балғын боксшылардың бәсекесін басынан-аяғына дейін тамашалаған болатынбыз. Міне, сол кезде аты аңызға айналған бапкер Александр Апачинскиймен жақынырақ танысып, кең отырып әңгіме-дүкен құрудың сәті түскен еді.

Біраз уақыт жанында жүріп, үйінде болып, дастарқанынан дәм татқанымызда «Әлдекімдерге деген өкпесі қара қазандай екен. Қазір ішіп кетіпті...» деген қаңқу сөздің қисынсыздау екеніне көз жеткіздік. Дегенмен шаршаған кездерінде атасынан қалған ащы судан анда-санда «алып» қоятыны бар екен. Бірақ өлшеммен, ретімен...

100 МЫҢ ДОЛЛАРДЫҢ МАҒЛҰМАТЫ

Алпыстан жасы жаңа асқан Апачинскийді қартайып тұр деуге аузың бармайды: төртпақ келген денесі мығым, қолыңды қысқан кезде сауасқтарыңның сүйегін үгітіп жібере жаздайды. Адамға тіктеп қарағанда тұздай көздері өңменіңнен өтіп кетеді екен. Түсі суық: баяғыдағы ақ патшаның жазалаушы отрядындағы атаман казагың дәл осындай болған шығар бәтшағар, деп қоясың іштей...

Александр Ивановичті Балқашта тумады дегенмен, оның бүкіл балалық шағы, жігіттік кезеңі осы бір көл жағалауындағы көрікті шаһарда өткен. Қазір де осы Балқашта: қаладағы Қараменде би деп аталатын орталық көшелердің біріндегі құстың ұясындай үш бөлмелі пәтерінде құдай қосқан қосағы Елена Георгиевна екеуі тұрып жатыр: бұл кісі Апачинскийдің екінші әйелі екен.

Өзі Балқаштың нағыз патриоты: қаладағы кемшілік атаулыны жіпке тізіп айтып отыратын ғадеті бар екен. Қаланың Құрметті азаматы ретінде биік мінберлерден әкім-қараларға қырғидай тиіп, сөйлеген кездері де болған. Сол себепті де тілінің тотияйыны бар мұны көп адам жақтыра да қоймайтын көрінеді. «Қала күннен-күнге көркеюдің орнына, тозып бара жатқан сияқты, – деп қара аспанды төндіреді Апачинский. – Қала тұрмақ, бүгінгі адамдардың пейілі де бұзылып барады. Баяғыда біздің үйде жасы үлкен көрші апа тұрды. Сол кісі наурыз, айт, жаңа жыл мерекелерінде подьездегі барлық көршілерге кіріп, бауырсағынан дәм татырып жүруші еді. Сол кездерді қатты сағынам. Қазір біз көршілерімізбен араласпақ түгілі, бір-біріміздi жөндеп танымаймыз да...».

Александр Иванович кеш үйленген екен: отыздан асқан кезінде украин қызы Иваннамен көңіл қосыпты. Алайда әкесі үлкен қызметте болған Иванна ит арқасы қиындағы Балқашта тұрудан үзілді-кесілді бас тартыпты да, еліне, Львовына қайтып кетіпті. Сөйтіп бұлардың некесі бір жылға да шыдамай, сыр берген. Апачинскийдің Иванна арудан Роксалана есімді бұл күнде жиырманың жетеуіне келген қызы бар екен: бірақ өзі сол қызын бір де бір рет көрмеген.

Қазіргі зайыбы Еленадан Никита есімді ұл сүйген. Жиырманың үшеуіне келген Никита Балқашта, ата-анасынан бөлек тұрады. Әкесімен араласпайтын көрінеді, анда-санда телефонмен тілдескені болмаса... «Бұл дегенің заңдылық, – дейді Апачинский күрсініп. – «Не ексең, соны орасың» деген. Бөтен біреудің баласын тәрбиеледік. Ал өзіміздікіне уақыт болмады. Бапкер деген байғұстың өмірі осы да...».

«Менің бар байлығым – отбасым, сүйікті зайыбым», – дейді Александр Иванович. Зайыбы туралы шабыттана айтады. Елена ханымды көзіміз көрмесе де, оның өте ұқыпты, пысық жан екендігін үйдегі мұнтаздай тазалықтан жазбай танисың. Өзінің қолы өнерлі-ақ екен: әсемдеп тоқыған неше түрлі кестелері көрмеге қояр көркем дүниедей, көздің жауын алады.

Бапкердің қазіргі таңда Балқашта бәлен дейтін туысы жоқ: үлкен апасы Татьяна Санкт-Петербургте, ал інісі Юрий курортты мекен Анапада тұратын көрінеді. Апачинскийдің бұл інісі де боксшы болған: КСРО-ның чемпионы деген атағы бар. Одан кейін ушу-сандамен айналысып, әлем чемпионы дәрежесіне де жеткен...

Александр Ивановичтің қазіргі серігі компьютер екен. Өзінің айтқанына қарағанда, күні-түні үстінен түспейтін көрінеді. Компьютер үстелінде оншақты флешка жатыр. «Мұнда, – дейді, әйгілі бапкер, – жүз мың доллардың мағлұматы жатыр...».

– Мынадай мол мағлұматқа, жалпы, бай тәжірибеңізге қызығушылық танытып жатқандар бар ма қазір?

– Сатып алсын, пожалуйста... Мастер-класс, семинар сабақтарын өткізейін деп біреуге жалынған емеспін. Ал «өткіз» деп өтініп жатқан адам тағы жоқ. Әнебір жылы Абай қаласына шақырған ұсыныс түскен болатын. Бас тарттым: баяғыда ол жаққа 58-ші статьямен барушы еді... Қазір ғой, кубалық бапкер, шау тартқан Сагарраны Алматыға, сонан соң Астанаға Ресейден ортаңқолды екі-үш жаттықтырушыны мол ақшаға шақырып, жетістіреді деп мәз болып жүрміз. Солардың менен қай жері артық екен? Осыны түсіне алмай-ақ қойдым...

Иә, айтарлықтай бар-ау. Он жеті жыл Ұлттық құрама команданың отымен кіріп, күлімен шыққан Апачинскийдің – Ермахан Ибраимов пен Бекзат Саттархановтың олимптің шыңына шығуына сүбелі үлес қосқан, қазағыма Баркер кубогын тұңғыш алып берген әйгілі бапкердің бұл күнде алатын зейнетақысы 50 доллар екен.

БАПКЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Александр Апачинскийдің өзі кезінде соққылары тегеурінді, техникалық шеберлігі тәп-тәуір боксшы болған: спорт шебері деген атағы бар. Ал кеңес заманында «КСРО спорт шебері» атағын иемдену дегеніңіз оңай шаруа болмайтын. 1967-1980 жылдар аралығында ол Қазақ КСР біріншілігінің чемпионы, жүлдегері атанды; халықаралық, бүкілодақтық және республикалық жарыстардың жеңімпазы болған. Ресми дерек көзіне сенсек, ол шаршы алаңда 132 кездесу өткізіп, соның 112-сінде жеңіске жетіпті.

Бокс қолғабын шегеге ілгеннен кейін өзінің

бапкері Геннадий Васильевич Крыловицкийдің жолын қуып, Балқаштағы №4 кәсіби техникалық училище базасында бапкер ретінде еңбек жолын бастаған. Василий Жировқа дейін Апачинскийдей дарынды бапкер Сергей Косенков, Алмаз Орынбаев, Евгений Вишняков, Андрей Бормотин, Болат Нөкербеков, Николай Ситников, Вячеслав Детиненко сынды бүкілодақтық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін өсіріп шығарған. Тағы да ресми дерекке сүйенер болсақ, Апачинкий өзінің бапкерлік карьерасында 11 спорт шеберін, 3 халықаралық дәрежедегі спорт шебері мен 2 еңбек сіңірген спорт шеберін тәрбиелеп шығарған екен.

Александр Апачинский 1992-2009 жылдар аралығында Қазақстан құрама командасында жаттықтырушы ретінде қызмет етті. Дәл осы кезеңде кейбір сәтсіздіктерге қарамастан, қазақ боксы өзінің өрлеу дәуірін бастан кешкен болатын. Егемен еліміздің бокс державасына айналуына құраманың сол кездегі жаттықтырушысы, одан кейінгі аға бапкері болған Александр Иванович Апачинскийдің қосқан үлесі қомақты десек – ақиқаттың ауылынан алыс кете қоймас едік.

Зады, Апачинский бапкер ретінде ерте танылған. Кеңес заманында ол КСРО-ның жасөспірімдер құрама командасында жаттықтырушы болды. Небір майталман мамандармен қоян-қолтық жұмыс істеп, мол тәжірибе жинақтаған. «Бірде – деп еске алады Александр Иванович, – КСРО құрамасында бапкер болып жүргенімде менен еңбек сіңірген бір жаттықтырушы келіп, кеңес сұрады. Таңданғанымнан аузым ашылып қалыпты.

– Сен болсаң жассың, ал мен кейде өмірдің ағысына ілесе алмай қалам, – деген еді сонда әлгі атақты бапкер ағынан жарылып.

Сол кезде мен үйренгеннің еш уақытта кеш болмайтынына, сұрап-білгеннің түк те әбестігі жоқ екеніне көзім анық жеткен еді. Сондықтан, менің айтайын дегенім: өмір бойы іздену дегеніңіз – бапкер біткеннің басты міндеті болуы керек!».

ПАРАПСИХОЛОГИЯ, КОСМОЭНЕРГЕТИКА...

– Әлі есімде, – дейді Александр Иванович, – 1995 жылы Ташкент қаласында Азия чемпионаты өтті. Бұл – Атланта Олимпиадасының алдындағы лицензиялық турнир болатын. Ақыры жол түсіп тұрған соң, осында тұратын немере апам мен жездемнің үйіне соғып, хал-жағдайларын білдім. Мені таң қалдырғаны – әпкем мен жездем парапсихология және космоэнергетикамен айналысады екен. Мен үшін бұл өте таңсық дүние болатын: қайран қалдым, қатты қызықтым. Оның үстіне екеуі маған неше түрлі мағлұмат беріп, тіпті менің ішкі дүниемді бөтен, теріс энергетикадан тазартып та берді. Бір сөзбен айтқанда, екеуі менің көзімді ашты. Кетерде мен: «Жировты алып келсем, тазартып бересіңдер ме?» – деп ем, олар келісім берді. Ертеңінде Васяны алып келіп, апам мен жездеме әбден «тазартып» алдым. Бір қызығы, Вася сол жолы Азия чемпионатында бір демде өнер көрсетіп, алтын жүлдені «ойнап жүріп» жеңіп алды.

Қайтарда апам маған:

– Саша, еш алаңдама, Жировың Олимпиада чемпионы болады! – деді сеніммен.

Содан, Олимпиадаға дайындалып жатқанбыз. Бір күні шіркеуге барып, шешемнің аруағы үшін шырақ қойып, мінәжат еттім де, аялдамаға келе жатсам, жолда кітап дүкені тұр екен. Шынын айтсам, кітапқұмар адам емес едім. Сонда да ішіне кіріп, аралап жүр едім, «Параспихология. Космоэнергетика» деген жазуы бар кітап көзіме оттай басылды. Сатып алып, күні-түні түгін қалдырмай оқып шықтым. Апам мен жездем айтқаннын бәрі осының ішінде екен. Содан бастап мен осы ғылымның соңына түстім. Маған шын, сізге өтірік, оның пайдасын шаш-етектен көрдім.

«Сидней-2000 Олимпиадасында мынадай жағдай болды, – дейді Александр Апачинский, әңгімесін әрі қарай жалғап. – Құрамадағы екі боксшының Аустралияға өздігінен жеткен жеке бапкерлері қояр да қоймай жаттығу базасына рұқсат алып кіріп, шәкірттерімен жолықты. Байқап тұрмын, олар кетісімен екі боксшы сүмірейді де қалды. Яғни жаңағылар сырттан келді де шәкірттерінің бойындағы күш-қуатқа толы энергетиканы өздерімен бірге алып кетті. Мұны, әрине, өздері сезген де жоқ. Айтқанымдай болған жоқ, ертеңінде екеуі де жеңіліп қалды. Солардың ең аз дегенде қола жүлде алуға мүмкіндіктері бар еді...».

– Сол боксшылардың есімдерін айтпайсыз ба?

– Бірі – Мұңайтбасов, екіншісі Кәрімжанов болатын...

«Тағы бір мысал, – дейді бапкер қыза түсіп. – Миландағы әлем чемпионатына дайындалып жатқанбыз. Тура жарыс басталар күннің алдында біздің жер-дүниеге сыймай жүретін шенеуніктеріміз келіп, қой сойып, ет астырды. Дұға бағыштап, құран оқытты. Жүйкелері сымдай тартылып, онсыз да ширығып жүрген жігіттерді дастархан басына жиып алып, ақыл-кеңесті оңды-солды аямай төкті-ай дерсің. Тіпті, бірде жаттығу залына кіріп келген біреуі намаз оқушы едім деп, боксшылардың бәрін тысқа шығарып жіберді. Міне, осындай дарақы қылықтар аса жауапты сын алдындағы жаттығу ырғағына, боксшылардың психологиялық тұрақтылығы мен дайындығына кесірін тигізбей қоймайды. Мен аға жаттықтырушы болып жүрген кезде біздің бокста мұндай жабайы, кісінің күлкісін келтіретін қылықтар жетіп-артылатын. Қазір қандай екенін білмеймін, әйтеуір, бокстың айналасында былық деген көп болатын...».

МҰНЫ ТҮСІНЕР БАЛА БАР МА?

Аға буын жанкүйерлердің есінде болар, Василий Жиров өзі қатысқан жекпе-жектердің үзілісі кезінде басқалардай бұрышқа жалп етіп отыра кетпей, тек қана түрегеп тұрып демалатын. Орайы келіп тұрған соң, бапкерден осының сырын сұрадым. «Жаттығу кезінде, – дейді Александр Иванович, – Васяның бір раундының өзі кейде жиырма-отыз минутқа созылып кететін. Сонан соң, оны мен раунд арасындағы үзілісте түрегеп тұрып демалуға үйреттім. Неге десеңіз, түрегеп тұрған боксшы мен отырып демалған боксшының тыныс алуында аспан мен көктей айырмашылық бар. Мәселен, отырған боксшының ішіне өтетін ауа жолы жабылады да, күшін қайта қалпына келтіруі қиындай түседі. Бұдан бөлек, түрегеп тұрып демалған боксшының мысы қарсыласын қашан да басып тұрады. Бұл психологиялық тұрғыдан өте маңызды».

Бокс десе ішер асын жерге қояр адам болса, Апачинскийдің әрбір сөзін алтынға балар еді. Еңбек жолын енді ғана бастаған бапкер үшін «Апачидің» бір өзі бір университет қой! Әттең, «Мұны түсінетін бала бар ма?» демекші, бүгінгі күні Апачинскийдің ақылын керек қылатын бапкер болмай тұр ғой.

Апачинский бапкер былай дейді: «Бокста секундант бола білудің өзі өнер. Бұл өзі бапкерден аса біліктілікті қажет ететін дүние. Жасыратыны жоқ, қазіргі жаттықтырушылардың көбі мұны дұрыс меңгермеген. Мәселен, жанталасқан жекпе-жектің үзілісінде боксшы 20 секундқа дейін ештеңе ұқпайды, сені естімейді де. Ал қазіргі бапкерлер болса, боксшыны дұрыс демалдырудың орнына дәл сол сәтте оған қалай жұдырықтасу керектігін айқайлап тұрып үйрете бастайды...».

ЖИРОВ ДЖЕККЕ НЕ ҮШІН ҚАРЫЗДАР?

Бүгінгінің баласына Апачинскийдің көңілі толмайды-ақ. Оның ойынша, боксшы болам деп үйірмеге келген қазіргі балалардың ой-өрісі төмен, жүріс-тұрысы қарынды аштырады екен. «Солардан тарихты сұраймын, «қызылдар» кім, «ақтар» кімдер?», – деген сұрақ қойсам жақ ашпайды. Есесіне «көгілдірлердің» (голубой) кім екенін жақсы біледі. Бірде қалада кетіп бара жатқанымда класс жетекшім Анна Алексеевнаны көріп қалып, сәлем бердім:

– Мен ғой – Сашка Апачинский... кластың бірінші бұзақысы...

– Ой, Сашка, білесің бе, сен қазіргі балалардың жанында періште екенсің, – дегені ұстазымның...

«Еңбек сіңірген жаттықтырушы» екенімді, «Құрметті азамат» атанғанымды айтқанымда, ұстазым көзіне жас алды. Қуанғанынан жылады деп ойладым мен...».

«Жалпы, – деп сөзін жалғай түседі Апачинский, – өз басым баланы боксқа жастай бергенге қарсымын. Менің ұғымымда бала боксты 14 жасында бастауы керек. Оған дейін оның жалпыфизикалық дайындық үдерісінен өткені жөн: суда жүзіп, гимнастика немесе жеңіл атлетикамен айналысса құба-құп болар еді».

→5

ЖОБА

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1- тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.».

3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.».

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемеуге тиіс.».

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.».

6. 42-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбісінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.»;

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.».

8. 44-бапта:

1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;»;

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «Хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:

1) 1-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:

1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.».

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.».

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.».

14. 53-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үшінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;»;

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:

1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»;

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;».

16. 55-бапта:

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;»;

2) 3) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 56-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;».

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;».

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;».

20. 61-бапта:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.»;

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады.»;

3) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады.

Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.

Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдамаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы.

Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік даусыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады.

Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді.

Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі.

Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.»;

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:

1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды.

Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.»;

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «, конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады.

Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды.

Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.».

24. 72-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды.

Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.».

25. 73-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады.».

26. 74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«VII бөлім

Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл».

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.».

30. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

31. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.».

32. 87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды.

Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі.

Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы.»;

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты тиісінше Республика Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.».

33. 88-баптың 4-тармағындағы «Президенті,» деген сөз алып тасталсын.

34. 91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. Мынадай мазмұндағы 99-баппен толықтырылсын:

«99-бап

1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды.

Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

2. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.».

2-бап.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жаңа тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің өтуіне немесе өкілеттігінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.

3. Жоғарғы аудиторлық палатаның құрамы қалыптастырылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.

3-бап. Осы Заң референдумның қорытындылары туралы хабарлама ресми жарияланған күнінен бастап, осы Заңның 2-бабының ережелері ескеріле отырып қолданысқа енгізіледі.



ЖАҚЫНДА МОҢҒОЛИЯ АСТАНАСЫ ҰЛАН-БАТЫРДА ӨТКЕН КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ЕГІЗ ҚЫЗДАРЫ МӘДИНА МЕН ЖӘМИЛӘ БАҚБЕРГЕНОВАЛАРДЫҢ ЕКЕУІ ДЕ ТОП ЖАРДЫ. БҰЛ ҮЛКЕН СПОРТТА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЖАҒДАЙ. ОСЫ РЕТТЕ ЧЕМПИОНДАРДЫҢ СЫҢАРЫ, ОСЫМЕН ЕКІНШІ РЕТ ҚҰРЛЫҚ БІРІНШІЛІГІНДЕ ТОП ЖАРҒАН ЖӘМИЛӘМЕН ӘҢГІМЕЛЕСУДІҢ СӘТІ ТҮСТІ.

Жәмилә БАҚБЕРГЕНОВА,

ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІНЕН ЕКІ ДҮРКІН АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ:

МӘДИНАНЫҢ ЖЕҢІСІНЕ ҚАТТЫ ҚУАНДЫМ

– Жәмилә, осымен екінші рет Азия чемпионы атанып отырсыз. Бұл жолғы жеңіс қалай келді?

– Бұған дейін де чемпион болғанымды білесіздер. Сондықтан бұл осы чемпионатта аса қатты қиналмадым десем де болады. Мен Мәдина үшін қатты қуандым. Ол Азия чемпионатында алғаш рет топ жарды.

– Мәдина сізден бір күн бұрын күресіп, топ жарғаннан кейін жанкүйер назары сізге ауғанын білеміз. Бұл сізге қаншалықты әсер етті?

– Керісінше, жеңіске деген ынтамды одан әрі өсе түсті. Мен финалға шыққанда «күреспей, күмісті қанағат етіп, алтыннан айырылып қалма» деп Мәдина қайта-қайта айтып, уайымдап жүрді. Барымды салдым, нәтижесінде тағы бір мәрте чемпион атану бақыты бұйырды.

– Мәдинаның финалдағы қырғыз қызы Мейірім Жұманазаровамен кездесуі көпшіліктің ерекше есте қалатыны түсінікті. Осы белдесудің алдында оған жігерлендіретін қандай сөздер айттыңыз?

– Ол өзі Алматыда ұтылғанда «Мейірімнен есемді қайтарамын, көресің» деген. Сол сөзінде тұрды. Сондықтан ерекше бірдеңе айттым дей алмаймын. Сәттілік тіледім. Мәдина Азия чемпионатына бара жатқанда финалға жетіп жатса, қырғыз қызымен күресетінін білді. Соған барынша дайындалып барды.

– Сары құрлық біріншілігінде төрт белдесу өткіздіңіз, қайсысы қиынға соқты?

– Бірінші және соңғы күресім оңай болмады. Өйткені алғашқысы кілем иесі – моңғол қызы. Жергілікті жанкүйерлер қатты қолдады. Ұтылып жатып, соңғы әдісті өзім жасап, жеңіске жеттім. Сосын финалда жапон қызымен де солай болды. Бұл жолы 4:4 есебімен аяқталды.

– Жәмилә, футбол тілімен айтқанда «камбэкті» көп жасайсыз. Жеңіліп жатып, жеңісті жұлып алатын сәттеріңіз көп. Әлем чемпионатында да кездесті емес пе?

– Иә, дұрыс айтасыз. Былтырғы Ослодағы әлем чемпионатының ширек финалында француз қызы Синтия Весканнан 2:10 есебімен жеңіліп жатып, соңғы уақытта жеңісті жұлып алғанмын. Менің қателігім, кездесу барысында қарсыласыма ұпай беріп қоямын. Сосын есепті теңестіруге ұмтыламын.

– Әлем чемпионатының финалында жапониялық Масако Фуручиге есе жіберіп едіңіз, осы жолы оның отандасы Сумире Никурадан басым түстіңіз. Бұл жолғы қарсыласыңыздың әлеуеті қандай?

– Жас спортшы. Жалындап тұр екен. Жастығына қарамастан ересектер арасындағы Жапония чемпионатында топ жарған. Сондықтан осал болды деп айта алмаймын. Өте жылдам, күші бар.

– Жалпы, Моңғолиядағы Азия чемпионатының ұйымдастырылу деңгейі, жанкүйерлердің қолдауы туралы айтып өтсеңіз?

– Ол жақта әйелдер күресін де көретіндер көп екен. Бізде ерлер арасындағы белдесулер аяқталған соң, көбісі кетіп қалады. Зал бос тұрады. Моңғолияда олай емес.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Алдымен Таразға барып, оқу-жаттығу жиынын өткіземіз. Сосын Алматыдағы Болат Тұрлыхановты еске алуға арналған турнирге қатысамыз. Сосын Қазақстан чемпионатына қатысамыз. Ел біріншілігінде топ жарғандар халықаралық аренада ел намысын қорғайды.

– Сіздің күресіп жүрген салмағыңыз Олимпиада бағдарламасында жоқ. Салмақ ауыстыру жоспарыңызда жоқ па?

– Биыл осы салмақта күресемін. Алдағы Қазақстан чемпионатында да 72 келіде күресемін. Ал салмақ ауыстыруды келесі жылы көре жатармыз. Олимпиада қарсаңында ойлап көремін. Есесіне Мәдина күресіп жүрген 68 келі Олимпиада бағдарламасында бар.

– Бұл салмақта елдегі бәсекелестік қалай?

– Жас қыздар көп өсіп келеді. Жанкүйерлер бәсекелестік жоқ деп ойлайды. Шын мәнінде олай емес.

> “Ол өзі Алматыда ұтылғанда «Мейірімнен есемді қайтарамын, көресің» деген. Сол сөзінде тұрды. Сондықтан ерекше бірдеңе айттым дей алмаймын. Сәттілік тіледім. Мәдина Азия чемпионатына бара жатқанда финалға жетіп жатса, қырғыз қызымен күресетінін білді. Соған барынша дайындалып барды.

Ел біріншілігіне бар күшімді салып дайындаламын.

– Қазір қай бапкердің қарамағында жаттығып жүрсіз?

– Мәдина екеуміз оның жұбайы Нұрсұлтан Теміров баптап жүр. Бұған дейін жеке бапкерім болған Қайрат Сағадиев қазір ұлттық құраманың тізгінін ұстап жүр. Сондықтан ол кісіге көп салмақ түсіргіміз келмейді. Былай үнемі ақыл-кеңесін айтып отырады. Құрамада, оқу-жаттығу жиындарында біргеміз ғой.

– Азия чемпионатына дайындық қалай өтті?

– Моңғолияда екі аптада оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Әрбір қарсыласымызды жіті зерттедік. Құрлық біріншілігіне жақсы бабымызда бардық. Бапкерлер әрбір кездесуге тактикалық тұрғыдан ақыл-кеңесін айтып, қалай күресу керектігін нұсқап отырды.

– Мәдинаның жұбайы Нұрсұлтан Теміров туралы айтсақ. Бапкер ретінде көңілдеріңізден шығып жатыр ма?

– Нұрсұлтан бұрын да Мәдинаға көмектесіп тұратын. Ал биыл-дан бастап ресми түрде жеке бапкері атанды. Менің де жеке жаттықтырушым болды. Екеумізді дайындап жүр.

– Спаррингте кімдермен күресіп тұрасыз?

– Негізінен Мәдина екеуміз спарринг-қарсыласпыз. Өйткені салмақтарымыз жобалас. Көбіне өзара күресеміз.

– Азия чемпионатынан оралғаннан кейін Мәдинаның ауылда сиыр сауып отырған видеосын желіге жүктедіңіз. Соған қарағанда ол үй жұмыстарына икемді секілді...

– Ол үй жинау, бала қарау секілді жеңіл жұмыстарға араласады. Ал мен шөп салу, мал шығару секілді даладағы жұмыстарға көмектесемін. Бала кезден солай өстік. Мен ауыр жұмыстарға араласып үйреніп қалғанмын.

– Сосын Гүлмарал Еркебаеваның қырғыз қызы Айсұлу Тыныбекованы жарақат алған кезде арқалап жатқан видеосы тарап кетті. Сол жерде өзіңіз де болғандықтан толығырақ айтып өтсеңіз?

– Аяулым Қасымова, Гүлмарал Еркебаева және қырғыз балуандары – бәріміз банкетте бірге отырғанбыз. Айсұлу «қонақ үйге қалай жетемін, аяғым шығып кеткен» деп айтты. Сол сәтте Гүлмарал «қонақ үйге дейін көтеріп апарайын» деді. Ал оны видеоға мен түсіріп алғанмын. Интернетте кеңінен тарап кетіпті.

– Биыл Үкімет тарапынан қаржыландыру Ұлттық Олимпиада комитетінен «Спортты дамыту дирекциясына» берілді. Енді спортшылар мен бапкерлер келісімшартқа жаңадан қол қояды. Осы ретте жалақы кешігу секілді мәселелер бар ма?

– Ондай бар. Биылғы жылға тек айдың ғана жалақысын алдық. Барлығына түсініспен қарап жатырмыз. Қалғанын аударамыз деп айтқан. Қарызданып, қиналып жүрміз. Алдағы күндері бәрі шешіледі деп үміттенеміз.

– Жәмилә, алдағы жарыстарға сәттілік тілейміз!

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен –
Бек ТӨЛЕУ

АПАЧИНСКИЙ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

←3

Жиров демекші, Вася да Апачинскийге он жастан асқанында тап болған. «Зайыбым болмағанда, Олимпиада чемпионы Жиров та болмас еді», – деп күледі Апачинский. Оның сыры мынадай екен: жасөспірім Васяның жаттығуда жүрдім-бардым қарап жүргенін байқап қалған бапкер оны залдан қуып шығыпты. Сонда зайыбы Елена Георгиевна күйеуін әрең дегенде көндіріп, райынан қайтарған екен.

Олимпиада чемпионы, Баркер кубогының иегері Василий Жировты өзгелерден бөлектеу қылып тұратын бір қасиеті – оның төзімділігі деп қазір кесіп айтуға болады. Апачинскийдей адамды аяу дегенді білмейтін бапкердің қатал тепкісінен өту дегеніңіз екінің бірінің қолынан келмес шаруа еді. Қайран, Вася! Жаттығу кезінде екі қолын көтеріп қойып, жуандығы оқтаудай сырықпен қос қабырғадан, жон арқадан еті қатайсын деп оңдырмай ұрғылағанда шыдауына тура келген. Көлдің ортасына апарып суға тастап кеткенінде, қу жан деген тәтті емес пе, бәленбай шақырым жерден жүзіп өтіп, жағаға жетіп жығылады екен. Ал моншаның буына еңбектеп қашқанына дейін ұстайтыны ше? Айта берсең, Апачинскийдің аңызға бергісіз мұндай «сұмдығы» көп-ақ. Осындай «тепкіден» өткен Василий үшін шаршы алаңдағы айқас біткен баланың ойынындай-ақ болып қалатыны сөзсіз еді. Жалпы, әуесқой бокста жартылай ауыр салмақтағы Жировтың найзағайдың жарқылындай шапшаңдығына жылдамдығы ілесе алатын боксшы некен-саяқ болатын. «Жиров мұнысы үшін алғысты Джекке айтуы керек», – деп күледі Апачинский. Бапкер сөзінің жаны бар: жаттығу кезінде ол өзінің әлгі «Джек» деп аталатын қабаған овчаркасын Жировқа қосатын көрінеді. Сонда байғұс Вася екі өкпесін қолына алып, ұзын дәліздің бойымен зымырағанда, итке жеткізбей барып түпкі есікке кіріп үлгереді екен...

«Апачинский тағы бір Олимпиада чемпионын дайындап шығара ала ма?», – деген сұраққа өзі былай деп жауап беретін көрінеді: «Ақшадан тарықтырмаса, шығарар ем. Өйткені сұрай-сұрай әбден шаршаған адаммын...». Ал бокстың аузы дуалы мамандары: «Оның тепкісіне Жировтай шыдайтын боксшы табылса, әрине, шығарады», – дейді біраузыдан...

Бұл күнде бапкер Апачинский мен шәкірт Жиров арасындағы қарым-қатынас үзілген. Әркім өз шаруасын күйттеп жүр... Әуесқой бокстағы ең биік шыңды бағындырғаннан кейін Жировтың кәсіпқой боксқа ауысқанын жұрт жақсы біледі. Америкаға аттанғанда Апачинский де жанында болды. Бірақ кәсіпқой бокстың маңайындағы «қасқырларға» бапкер емес, боксшы Василий Жиров керек болатын. Жарты жылдан кейін Балқашына қайтып келгені де сондықтан.

Қазір, тұлғасы қарама-қайшылыққа толы тарлан да тарпаң бапкердің қарамағында балағында биті бар бес-алты бала жаттығып жүр деп естідік...

Қайрат АБДОЛЛА,
журналист, арнайы «Қазақ спорты» газеті үшін

PS. *Есімі елімізге белгілі бір маманның «Апачинскийдің біздің боксқа бергені де көп, зиянын тигізген жері де аз емес» деген пікірін естігенде өз құлағыма өзім сенбегем. Сөз ауанын байқастасақ, Апачинскийдің зияны – біздің құрамадағы боксшыларды жаттығуда тым қатты қинап жіберген екен. Талап тым қатаң болып, көбісі зорыққаннан Олимпиада чемпионы бола алмай қалған екен... «Қап, әттеген-ай, обал болған екен...», – дейміз бе енді?! Осындай аяусыз айтылған пенделік пікірді естіген кезде қазіргі таңдағы біздің боксшыларымыздың халықаралық аренадағы жарыстардың соңғы раундтарында семіз аттай барлығып, демі өшіп, шықпа жаным-шықпамен жүретіні еске түседі. Әттең дүние, «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген, дәу де болса, осы шығар...*

ДМИТРИЙ ОГАЙ –

ЛЕГЕНДАРНЫЙ ФУТБОЛИСТ И ВЕЛИКИЙ ТРЕНЕР

14 МАЯ ОДИН ИЗ САМЫХ ТИТУЛОВАННЫХ ТРЕНЕРОВ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ФУТБОЛА ДМИТРИЙ ОГАЙ ПЕРЕШАГНУЛ 62 ЛЕТНИЙ РУБЕЖ.

Тренерской деятельностью Огай занялся с 1998 года, когда вошёл в штаб земляка Вахида Масудова в клубе «ЦСКА-Кайрат»

Дмитрий Огай является воспитанником жамбылской футбольной школы. Первые шаги становления как игрока сделал в ДЮСШ, которым руководил маститый казахстанский специалист Евгений Ротт.

В 18-летнем возрасте получил приглашение в местный футбольный клуб «Химик», в составе которого отыграл полноценный сезон-1979, выступив в 31 игре. Счет забитым мячам открыл в том же году, когда 15 мая забил самаркандскому «Динамо».

В 1980 году, возглавивший алма-атинский «Кайрат» Игорь Волчок сделал ставку на воспитанников казахстанского футбола. Так Дмитрий Огай вместе с другими перспективными игроками, как, например, Александр Борисов, Вахид Масудов и Евстафий Пехлеваниди, оказался в стане флагмана футбола Казахской ССР. Забив три гола в составе дублеров «Кайрата», вместе с Сергеем Климовым и Магомедом Кубиевым разделил тройку лучших бомбардиров.

26 июня 1980 года дебютировал в Высшей лиге чемпионата СССР. В Ташкенте, в игре «Кайрата» против местного «Пахтакора», Дмитрий Огай заменил во втором тайме Евгения Белова. «Кайрат» на тот момент проигрывал 0:1, пропустив досадный гол с пенальти. Примечательно, что в этом матче вместе с молодым новичком оборону нашей команды представлял прославленный казахстанский мастер, а ныне советник президента КФФ Сеильда Байшаков. Больше «Кайрат» в этой игре не пропускал, но и сравнять счет в итоге не удалось. Это был единственный матч Дмитрия за «Кайрат» в сезоне-1980 среди грандов отечественного футбола, но игра оказалась судьбоносной.

Тренерский штаб ташкентцев отметил хорошие задатки казахстанского футболиста, и на следующий год он оказался в «Пахтакоре». Выступал вместе с такими асами, как Нуритдин Амриев, Мустафа Белялов, Геннадий Денисов, Андрей Якубик, Александр Яновский и другими. Наставником этой команды тогда трудился Заслуженный тренер Таджикской, Украинской и, впоследствии, Узбекской ССР Иштван Секеч. Игра Дмитрия привлекла внимание центральной прессы. На страницах еженедельника «Футбол-Хоккей» была размещена его фотография.

В 1982 году «Пахтакор» занял наивысшее шестое место в чемпионате Советского Союза. Наряду с другими игроками команды, Дмитрий Огай удостоился высокого звания «Мастер спорта СССР». Удостоверения и значки вручались первыми лицами республики.

В 1984 году игрок вернулся в родной Джамбул. За два сезона провел 67 матчей и отличился 13 взятиями ворот. Новый сезон снова начал в «Химике», но после двух проведенных игр, наставник «Кайрата» того периода Леонид Остроушко пожелал видеть футболиста в своей команде. С алма-атинцами Дмитрий Огай поднялся на наивысшую для «Кайрата» 7 строчку в турнирной таблице главного дивизиона чемпионата СССР. Стоит напомнить, что на тот момент бразды правления командой принял Тимур Сегизбаев.

В целом за три сезона в высшем эшелоне советского футбола Дмитрий Огай отыграл 65 матчей и забил один гол. Причем, этот мяч влетел в ворота новоиспеченного олимпийского чемпиона Дмитрия Харина. Взятие ворот состоялось 19 ноября 1988 года в матче «Кайрата» с московским «Динамо». А уже через три дня «Кайрат» отпраздновал победу в Кубке Федерации футбола СССР. Дмитрий Огай внес весомую лепту в этот успех, сыграв в шести играх турнира и, таким образом, вновь выполнив мастерский норматив.

Ровно через год после Олимпиады, состоявшейся в Сеуле, в сентябре 1989-го прошли I Всемирные игры представителей корейских диаспор стран мира. Программа соревнований включала футбольный турнир, в котором приняла участие сборная СССР, составленная из игроков корейской национальности. Тренировал команду Михаил Ким. Три футболиста были приглашены из Казахстана - Дмитрий Огай, Сергей Чжен и Сергей Когай. Финал против команды США! Полный стадион! Убедительная победа - 2:0. Впечатления незабываемые!

В период с 1990 и по 1992 годы, три сезона Дмитрий Огай провел в карагандинском «Шахтере» - 98 игр, 7 взятий ворот. В 1993 году выступал за алматинский «Достык» и помог команде дойти до финала Кубка РК. Потом решил попробовать себя в Германии в «Пройссен Хамельн-07». Вернулся на Родину в сезоне 1994 года. Помог «Актюбинцу», который тренировал тогда Вахид Масудов, дойти до финала Кубка РК.

В 1995 году был замечен в расположении грозного тогда семипалатинского «Елимая», но в итоге оказался в «Кайрате», наставником которого являлся Курбан Бердыев. С ним на следующий год уехал в «Тараз», где отыграл половину сезона, а затем с названным тренером убыл в «Мунайшы» из Актау.

В августе 1996 года на состоявшемся в Алматы Международном турнире «Кубок Президента Казахстана», где кроме «Мунайшы», выступили бразильская команда «Флуминенсе», голландский «Фейеноорд» и испанская «Сарагоса», Дмитрий Огай был признан лучшим защитником.

Сезон-1997 завершил игровую карьеру футболиста, венцом которой стало серебро национального первенства в составе родного «Тараза». Стоит отметить, что за плечами Дмитрия Алексеевича 439 официальных матчей, сыгранных в чемпионатах различного уровня и 25 забитых мячей. Если добавить сюда разного рода кубковые баталии, то официальных встреч с его участием набирается порядка полутысячи.

Начало тренерской карьеры было положено в 1998 году, когда Дмитрий Огай стал готовить дублирующий состав армейского «Кайрата». В 1999 году приглашен помощником Владимира Стрижевского, добившегося с петропавловским «Аксесс-Голден-Грейн» серебряных медалей чемпионата страны. На следующий сезон Дмитрий Огай возглавил тренерский штаб «Аксесс-Голден-Грейн» и привел североказахстанский футбольный клуб к финалу Кубка РК и золотому матчу национального первенства.

Тренерские успехи Дмитрия Алексеевича продолжились в сезонах 2002 и 2003 годов, когда возглавляемый им павлодарский «Иртыш» дважды подряд выиграл чемпионский титул. К слову, Огай, является первым казахстанским тренером, которому довелось выступить в квалификации Лиги чемпионов УЕФА и, к тому же, добиться ничьей на выезде («Омония» – «Иртыш» - 0:0, Кипр).

Будучи целеустремленным наставником, Дмитрий Огай проходил стажировку в испанской «Валенсии» и голландском «Аяксе», что, несомненно, пригодилось, когда он в мае 2005 года возглавил неважно стартовавший костанайский «Тобол». В итоге команда уступила лишь один балл «Актобе» в борьбе за чемпионский титул. Затем Дмитрий Огай добился того, что «Тобол» стал трехкратным серебряным призером, завоевал бронзу, взял Кубок Казахстана и единственным из команд стран СНГ выиграл турнир Кубка УЕФА Интертото.

Трижды Дмитрий Огай признавался в Казахстане тренером года (2002, 2003 и 2005). Наряду с отечественными командами, тренировал российские футбольные клубы «Урал» (Екатеринбург) и «Нефтехимик» (Нижнекамск).

В январе 2016 года Дмитрий Огай через десять лет снова пришёл в костанайский «Тобол» Однако уже в апреле после всего 7 туров тренер был освобождён от занимаемой должности. Клуб в этот момент занимал 5 место из 12, но неожиданно выбыл из розыгрыша Кубка Казахстана, проиграв по пенальти в 1/8 финала ФК «Кызыл-Жар СК» (Петропавловск) из Первой лиги. Вместе с Огаем ушли тренер Руслан Балтиев и ассистент главного тренера Сергей Кулинич. В итоге «Тобол» не попал в шестёрку, но занял прочное 7 место.

В декабре 2016 года Огай был назначен главным тренером клуба «Жетысу».

Дмитрий Огай воспитанник джамбульского футбола, начинал в ДЮСШ Джамбула. Состоял в ВЛКСМ. В 18 лет был принят в состав местного «Химика» и в сезоне 1979 года провёл за клуб 31 матч на первенство Казахской ССР, забил один гол.

НОВЫЕ ИМЕНА. Защитник «Пахтакора» Х. БАЙМЕТОВ. Полузащитник «Пахтакора» Д. ОГАЙ.

ДОСТИЖЕНИЯ

Футболист

Чемпион Казахстана 1996

Вице-чемпион Казахстана 1997

Тренер

Дважды чемпион Казахстана 2002, 2003

Пять раз вице-чемпион Казахстана: 2000, 2004, 2005, 2007, 2008

Дважды бронзовый призёр чемпионата Казахстана: 2001, 2006

Обладатель Кубка Казахстана: 2007

Обладатель Кубка Интертото 2007

Финалист Кубка Казахстана 2000

Финалист Кубка Казахстана 2002

Алим АНАПЬЯНОВ

ПОТЕРЯ «АСТАНЫ» НА «ДЖИРО Д' ИТАЛИЯ»

6 МАЯ В ГОРОДЕ БУДАПЕШТ СТАРТОВАЛА 105-Я МНОГОДНЕВНАЯ ВЕЛОГОНКА «ДЖИРО Д' ИТАЛИЯ», В КОТОРОЙ ПРИНИМАЕТ УЧАСТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ КОМАНДА «ASTANA QAZAQSTAN TEAM». К СОЖАЛЕНИЮ, ЛИДЕР КОМАНДЫ МИГЕЛЬ АНХЕЛЬ ЛОПЕС ВЫНУЖДЕН БЫЛ СОЙТИ С ДИСТАНЦИИ ПОСЛЕ ПЕРВЫХ КИЛОМЕТРОВ ИЗ-ЗА ТРАВМЫ ЛЕВОГО БЕДРА.

«Да, у Мигеля Анхеля уже несколько дней проблемы с бедром. Мы пытались сделать все возможное, чтобы решить эту проблему на первых этапах в Будапеште и в течение дня отдыха, но не получилось. Сегодня, к сожалению, ему пришлось завершить свое выступление в гонке. Наш первый диагноз - воспаление сухожилия левой четырехглавой мышцы из-за возможной перегрузки или старой травмы. Но в ближайшие дни гонщик пройдет тщательное медицинское обследование, чтобы выяснить точную причину травмы и начать соответствующее лечение», – цитирует доктора команды Эмилио Маньи пресс-служба клуба.

«Очень грустно заканчивать «Джиро» таким образом, всего через четыре дня после старта, из-за травмы. Персонал команды сделал все возможное, чтобы помочь мне восстановиться в течение этих дней, но в гоночных условиях это было невозможно. Я надеялся, что с каждым днем будет становиться лучше, и я смогу преодолеть этот момент, но сегодня я просто не мог нормально педалировать из-за боли в бедре. Мне действительно жаль покидать гонку и моих товарищей по команде, которые приехали сюда, чтобы помочь мне бороться за генеральную классификацию, но это велоспорт. Я желаю всем ребятам удачи и надеюсь, что команда проведет сильную гонку!» – сказал Мигель Анхель Лопес.

Добавим, ранее сообщалось что в состав казахстанской команды также вошли Винченцо Нибали, Фабио Феллине, Вадим Пронский, Харольд Техада, Джо Домброски, Давид Де Ла Крус и Валерио Конти. Нибали дважды выигрывал итальянский Гранд-тур (2013 и 2016 г.г.).

ЛУЧШИЕ ИГРОК И ТРЕНЕР КПЛ В АПРЕЛЕ

ПО СООБЩЕНИЮ ОФИЦИАЛЬНОГО САЙТА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ФУТБОЛЬНОЙ ЛИГИ КАЗАХСТАНА, ПОЛУЗАЩИТНИК «ТАРАЗА» БАУЫРЖАН БАЙТАНА ПРИЗНАН ЛУЧШИМ ИГРОКОМ МЕСЯЦА В КПЛ-2022

В апреле Байтана в пяти матчах забил один гол и отдал четыре результативные передачи. Второе место в опросе занял форвард «Ордабасы» Серж Ньюадзи, который в апреле отметился пятью забитыми голами. Тройку замкнул полузащитник «Атырау» Андрия Филипович, записавший на свой счет три гола.

Лучшим тренером в апреле стал Александр Седнев из «Ордабасы». Шымкентская команда в прошедшем месяце одержала три победы при одной ничьей.

Второе место в опросе занял главный тренер «Тараза» Нуркен Мазбаев, а тройку замкнул наставник «Каспия» Николай Костов Николов.

Голосование проводилось среди тренеров и капитанов клубов КПЛ.

Подготовила –
Сауле МЕНДЫКУЛОВА,
журналист, специально для газеты «Қазақ спорты»

«UNITED KIDS CUP»: ПАС В БУДУЩЕЕ

НА МИНУВШИХ ВЫХОДНЫХ В ГОРОДЕ КАРАГАНДА ПРОШЕЛ ДЕТСКИЙ ФУТБОЛЬНЫЙ ТУРНИР «UNITED KIDS CUP». В СОРЕВНОВАНИИ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ ШЕСТЬ КОМАНД, СОСТАВЛЕННЫХ ИЗ ДЕТЕЙ ДВУХ ВОЗРАСТНЫХ КАТЕГОРИИ 2009-10 И 2011-12 ГОДОВ РОЖДЕНИЯ ИЗ КАРАГАНДЫ, НУР-СУЛТАНА И ТЕМИРТАУ. ОРГАНИЗАТОРОМ ВЫСТУПИЛА ШКОЛА ДЕТСКОГО ФУТБОЛА «UNITED KIDS».

По словам координатора **Кристины Олеговны Табайдулиной** для профессионального развития спортсмены должны участвовать в различных соревнованиях и турнирах на регулярной основе. Именно на таких мероприятиях вся команда и тренера демонстрируют свои возможности, учатся чему-то новому и анализируют своих соперников.

– Несмотря на то, что мы, «United Kids» являемся частниками, решили заняться организацией таких турниров, потому что надо развивать футбол, **– сказала Кристина Олеговна.** *– Кто-то должен это делать, пусть и без поддержки государства. Все это ради детей, не для галочки. В целом я считаю, что детскому футболу в Республике уделяется недостаточное внимание, и финансирование. Если взять на примере команды «Шахтер», то как мы видим в основном финансы тратятся на легионеров, вместо того чтобы заняться реконструкцией полей, строительством крытых стадионов чтобы была возможность детям заниматься в них круглый год.*

Состязания проводились в двух группах по четыре команды в каждой, для этого футбольное поле поделили на две части. Во время турнира маленькие футболисты показали хороший уровень подготовки и качественную игру. Дух борьбы и соперничества чувствовался в каждом матче вплоть до финального свистка. Активными болельщиками были игроки запаса и родители. **Надежда Викторовна,** мама юного футболиста отмечает: *«Он у нас с детства любит возиться по дому с мячом. Первый клуб у нас был «United Kids», в начале пандемии мы занимались на улице, потом как разрешили заниматься в зале мы перешли в команду «Аманат». Здесь мы занимаемся полтора года, прогресс за это время, безусловно, заметен. Главное, что у ребенка есть желание заниматься. Ведь спорт дисциплинирует ребенка, это и физическая подготовка, появляется целеустремленность, желание стремиться к победе. Наш клуб как большая дружная семья, дружат и дети и родители, «Аманат» сплотил нас всех».*

Время от времени подключались к игре и тренеры команд, делая подсказки и давая установку во время тайм-аута. Некоторые тренера своей вовлеченностью вызывали восторг публики. Мальчишки же в ответ демонстрировали самоотверженные подкаты, красивые комбинации и неподдельные эмоции. Среди тренеров был и ветеран Карагандинского «Шахтера» **Серик Искаков,** он поделился своим мнением о тренерстве в детском спорте.

– Тренерами не рождаются, тренерами становятся. Самое первое нужно быть педагогом, а потом уже быть тренером и любить детей, любить свое дело, быть профессионалом своего дела. Это самое главное, самое необходимое в тренерстве. Можно быть богатым теорией и при этом не быть хорошим тренером, он должен чувствовать любого мальчика, это его ребенок. Наставник должен воспитать в них те качества, которые ему нужны, и объяснять, что если у тебя не получилось в профессиональном спорте, зато в дальнейшем ты будешь иметь хорошее здоровье. Любой тренер должен пройти профессиональную школу, играть в команде мастеров, пройти ту школу, необходимую для передачи будущим спортсменам. А если я просто закончил институт физкультуры, и при этом не имею ничего общего с тем видом спорта, в котором преподаю в этом нет никакой ценности. Вот, например я, играл с 16 лет в команде. Это уже приобретенный опыт, который передается, я не теории начитался, хотя теория тоже важна. Но, теория должна сопоставляться с практикой. Можно быть очень сильным теоретиком, но профессионализм должен присутствовать.

– Серик Рахметович, какие качества, по вашему мнению, в детях развивает спорт?

– Первое, это дисциплинирует их, в любом виде спорта необходима дисциплина, дети очень требовательны к себе, они становятся более воспитанными и терпимыми. Второе, ученики спортивных школ возле себя объединяют, к ним стремятся другие дети, потому что он физически и духовно сильнее, крепче, это привлекает внимание других детей.

– Какое дадите напутствие юным игрокам?

– Во-первых, учеба. Аттестат, диплом. Второе, профессиональный спорт это второстепенное. Потому что любой профессиональный вид спорта очень короткий, может год, два, пять лет, у кого как получиться. А потом у него начинается практически новая жизнь, он должен стать или тренером или пойти куда-то работать, опять-таки нужен опыт. Поэтому профессионалом быть одно дело, спортсмены могут уйти на пенсию и в 25 лет и 30. Мало кто играет до 35 лет. Поэтому важно чтобы у него была вторая профессия.

Самыми захватывающими и напряженными получились матчи, которые проходили после 13:00. Порою складывалось ощущение, что действительно находишься на большом футбольном стадионе: каждая удачная атака влекла за собой взрыв аплодисментов, опасные моменты сопровождались вздохами облегчения, яркие игровые эпизоды провоцировали бурю эмоций.

В итоге упорной, но справедливой борьбы определились чемпионы групп:

2011/12 гр.	2009/10 гр.
1. Аманат	1. Жастар
2. Жастар	2. Аманат
3. ФЦА Асылбаева	3. Юнайтед 2

Гости турнира из Нур-Султана детский футбольный клуб **«Namys»** (на фото) получил почетный приз от организаторов.

Все участники выразили признательность организаторам турнира и пожелали, чтобы соревнования такого формата проводились регулярно.

Сауле МЕНДЫКУЛОВА,
журналист, специально
для газеты «Қазақ спорты»

В ОЖИДАНИИ БОЯ

ВСЕМИРНАЯ БОКСЕРСКАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ (WBO) НАПОМНИЛА О СТАТУСЕ ГРЯДУЩЕГО БОЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНСКИМ БОКСЕРОМ ЖАНИБЕКОМ АЛИМХАНУЛЫ (11-0, 7 КО) И БРИТАНЦЕМ ДЭННИ ДИГНУМОМ (14-0-1, 18 КО)

Поединок состоится 21 мая в Лас-Вегасе.«Обращаем ваше внимание на то, что предстоящий бой между Жанибеком Алимханулы и Дэнни Дигнумом будет за «временный» титул чемпиона мира по версии WBO в среднем весе», - говорится в сообщении организации.

Ранее WBO назначила Алимханулы обязательным претендентом на полноправный титул WBO в среднем дивизионе, которым владеет Деметриус Андраде, однако американец не пожелал проводить его защиту, а вместо этого поднялся во второй средний вес ради поединка с Заком Паркером за пояс «временного» чемпиона WBO в этой категории.



ПОГОНЯ В СТЕПИ

КОКПАРИСТЫ ИЗ МАНГИСТАУ ЗАВОЕВАЛИ «СЕРЕБРО» НА ЧЕМПИОНАТЕ СТРАНЫ

МАНГИСТАУСКАЯ КОМАНДА «АДАЙ АТА» ПОДНЯЛАСЬ НА ВТОРУЮ СТУПЕНЬ ПЬЕДЕСТАЛА СОРЕВНОВАНИЙ, СООБЩАЕТ ЦЕНТР ОБЩЕСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ РЕГИОНА.

XXI чемпионат Казахстана среди взрослых по кокпару и аударыспаку проходил с 20 по 30 апреля в Таразе. В первой лиге по кокпару соревновались девять команд из Алматинской, Костанайской, Северо-Казахстанской, Павлодарской, Актюбинской, Западно-Казахстанской и Мангистауской областей, а также из Шымкента и Алматы.

В первый день соревнований наши кокпаристы обыграли команду из Актюбинской области со счетом 16:4, а на второй одолели костанайцев со счётом 18:2. После двухдневного отдыха в матче с Западно-Казахстанской областью мангистауцы взяли верх со счетом 12:2. В четвертой встрече они обыграли Павлодарскую область со счетом 7:3 и без поражений после четырех игр вышли в финал.

Как говорит старший тренер Мангистауской области по кокпару Ербол Ермагамбетов, в финале мангистауцам немного не повезло, они со счетом 4:6 уступили команде Алматинской области, которая и стала чемпионом. Таким образом наша команда «Адай ата» поднялась на вторую ступень пьедестала. Тройку сильнейших закрыли кокпаристы из Шымкента.

ПУТИНЦЕВА НЕ СМОГЛА ВЫЙТИ В ЧЕТВЕРТЬФИНАЛ ТУРНИРА WTA В РИМЕ

В МАТЧЕ ТРЕТЬЕГО КРУГА КАЗАХСТАНКА УСТУПИЛА СЕДЬМОЙ РАКЕТКЕ МИРА ОНС ЖАБЕР ИЗ ТУНИСА СО СЧЁТОМ 3:6, 2:6.

Матч продлился всего час с небольшим. Юлия, занимающая 40-е место в рейтинге WTA, ни разу не подала навылет, допустила четыре двойные ошибки.

Напомним, что казахстанка дошла до третьей стадии престижного соревнования, преодолев барьер квалификационных игр. Благодаря успеху в Риме, Путинцева в понедельник в обновлённом рейтинге WTA поднимется на 37-е место.

ВЕЛОМАРАФОН

ВЕЛОМАРАФОНЕЦ ИЗ КАРАГАНДЫ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ-ПЕРЕВОДЧИК АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА И ЖУРНАЛИСТ ЕРНАТ МЕЛСУЛЫ СМОГ ПРОЕХАТЬ БЕЗ ЕДЫ И ПИТЬЯ 109 КИЛОМЕТРОВ. ЭТО РАССТОЯНИЕ ОН ПРЕОДОЛЕЛ ЗА 7 ЧАСОВ 10 МИНУТ. ВЕЛОСИПЕДИСТ-ЛЮБИТЕЛЬ УСТАНОВИЛ РЕКОРД КАЗАХСТАНА,СООБЩАЕТ САЙТ АКИМАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.

Результат зарегистрировал официальный представитель Книги рекордов Казахстана Куандык Кудайбергенов. В ближайшее время будет выдан специальный сертификат.

– Марафонцы обычно выбирают лёгкий и быстрый велосипед, а Ернат ехал на тяжёлом горном. Конечно, рекорд заслуживает признания, – отметил Куандык Кудайбергенов.

Веломарафон прошёл по кольцевой дороге столицы Нур-Султан. Заезд начался в 11:47 и закончился в 19:28. Велосипедист финишировал перед мечетью «Хазрет Султан».

По словам Ерната, он специально запланировал веломарафон на последний, 30-ый день обязательного поста для мусульман священного месяца Рамазан. Достижение также посвятил Дню единства народа Казахстана.

– После велопробега чувствую себя отлично, в хорошей физической форме. В будущем хочу путешествовать по миру, чтобы внести вклад в популяризацию нашей страны и народа. В конце августа планирую провести международный велопробег: от села Акколь, где родился Ахмет Байтурсынов, в Европу. Маршрут хочу проложить через Западный Казахстан, Атырау, Актау, столицу Азербайджана Баку и финишировать в Париже, где находится штаб-квартира ЮНЕСКО. В разных городах и странах хочу популяризировать жизнь и творчество Ахмета Байтурсынова, культуру казахского народа, а также идею Абая «Толық адам, – поделился Ернат Мелсулы.

Полосу подготовил – **Дамир ТУЛЕГЕН**

БЕРДЫЕВТІҢ БАСЫ ҚАТЫП ОТЫР

АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТЫ» БЕС ОЙЫН БОЙЫ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕ АЛМАЙ КЕЛЕДІ

БҮГІН ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПЕРМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ 11-ТУР ОЙЫНДАРЫ ӨТЕДІ. 9-ТУРДАН КЕЙІН ТУРНИР КЕСТЕСІНДЕ «ТАРАЗ» КӨШ БАСТАП ЕДІ. АЛАЙДА, ТАРАЗДЫҚТАР 10-ТУРДА «ҚЫЗЫЛЖАРМЕН» ТЕҢ ОЙНАП, ТІЗГІНДІ «КАСПИЙ» ФУТБОЛШЫЛАРЫНА ҰСТАТТЫ. АҚТАУДЫҢ АЯҚДОПШЫЛАРЫ 10-ТУРДА «АҚТӨБЕНІ» 2:0 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢДІ.

ЕҢ НӘТИЖЕЛІ 9-ТУР

Премьер-лиганың 9-турына жоспарланған жеті ойында барлығы 22 гол соғылды. Бұл биылғы маусымдағы ең жоғарғы көрсеткіш. Бұған дейін ең нәтижелі тур 5-тур болатын – 18 гол.

9-турда «Астана» өз алаңында «Тұранды» қабылдап, 3:3 есебімен тең түсті. Биылғы маусымды сүреңсіз бастаған түркістандық аяқдопшылар көш басындағы командалардың бас ауруына айналды. Әзірге Қуаныш Қабдолов жаттықтыратын команда соңғы алты ойында жеңілмей келеді. «Қайратты» ұтты. «Астанамен» ойында 3:3 есебімен жігерлілік танытты. Ал, 10-турда «Шахтер» қақпасына жауапсыз екі доп соғып, қоя берді.

9-турда «Шахтер» мен «Тобыл» арасындағы матчта да ірі есеп тіркелді. Қостанайдың «Тобылы» бұл ойында «фаворит» еді. Алайда, «Шахтер» футболшылары қонақтардың қақпасына төрт гол соғып, жеңіске жетті.

«ҚАЙРАТТА» ҚАЙРАТ ҚАЛМАДЫ

Алматының «Қайратына» белгілі бапкер Құрбан Бердыев келгенде жанкүйерлер бөркін аспанға атып еді. Бірақ, «Қайратты» қайта түлету Құрбанның да қолынан келер емес. Алматылықтар 9-турда көш соңындағы «Қызылжарды» ұта алмаса, 10-турда өз алаңында «Атыраудан» 0:3 есебімен ойсырай жеңілді. Дәл қазір «Қайрат» турнир кестесінің 9-сатысында тұр.

ДИАКАТЕ – 300 ОЙЫН, МҰРТАЗАЕВ – 55 ГОЛ

9-турда «Шахтердің» шабуылшысы Роман Мұртазаев Қазақстан Премьер-лигасындағы 55-ші голын соқты. Мерейлі датаны 9-турда «Тұранның» жартылай қорғаушысы Абдуллай Диакате де атап өтті. Ол «Астанамен» болған ойында Премьер-лигадағы 300-ші ойынын өткізді.

Роман Мұртазаев осыған дейін төрт командада ойнады. Қарағанды футбол мектебінің түлегі 2013 жылы «Шахтердің» сапында алғашқы голын соқты. Кейін Павлодардың «Ертісінде» ойнаса, артынша «Астанаға» ауысып, ол жақта 110 ойынға қатысты.

Ал, сенегалдық легионер Абдуллай Диакате Қазақстанға 2011 жылы келген болатын. 2011 жылы Түркияның «Ризеспор» командасынан «Таразға» ауысып келген сенегалдық футболшы «Тараз» сапында үш жыл жүріп, 83 ойынға қатысты. Содан бері ол «Атырау», «Ордабасы» сияқты командаларда доп теуіп, 300 ойында 39 голдың авторы атанды.

СӘУІР АЙЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

Қазақстанның Кәсіпқой футбол лигасы сәуір айының үздіктерін анықтады. Дауыс берудің қорытындысы бойынша «Ордабасының» бас бапкері Александр Седнев «сәуір айының үздік бапкері» болып танылды. Седнев баптайтын «Ордабасы» футболшылары сәуір айында төрт ойын өткізіп, үшеуінде жеңіске жетсе, бір ойынды тең аяқтады. Екінші орынға «Тараздың» бас жаттықтырушысы Нүркен Мәзбаев ие болды. Үздіктер үштігін «Каспийдің» бас бапкері Николай Костов түйіндеді.

Сәуір айының үздік футболшысы атағын «Тараздың» жартылай қорғаушысы Бауыржан Байтана алатынына ешкімнің күмәні болмаған еді. «Таразды» алға сүйреп жүрген тастүлек сәуір айында өткен бес ойында бір гол соғып, төрт мәрте нәтижелі пас берді. Екінші орынға «Ордабасының» шабуылшысы Серж Ньюадзи ие болды. Того легионері сәуір айында бес гол соғып көзге түсті. Үшінші орында «Атыраудың» жартылай қорғаушысы Андрия Филипович тұр. Хорватиялық легионер «Тобыл» және «Тараз» қақпаларына өте маңызды голдар соғып, командасына жеңіс сыйлады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАЛЫП КЕЛЕДІ

10-турдың қорытындысы бойынша мергендер көшін «Ордабасының» шабуылшысы Серж Ньюадзи бастап келеді. Того легионерінің еншісінде 7 гол бар. Одан кейінгі орында Андрия Филипович («Атырау») пен Педру Эужениу («Астана») тұр. Екі футболшы да 6 голдан соқты.

Қазақстандық футболшылар әзірге легионерлерден қалып келеді. «Шахтерде» доп тебетін Тимур Досмағамбетов пен «Тараздың» тарланы Абылайхан Жұмабек және «Тобыл» жартылай қорғаушысы Асқат Тағыбергеннің еншісінде төрт голдан бар.

9-ТУР

«АСТАНА» *(Нұр-Сұлтан)* – **«ТҰРАН»** *(Түркістан)* – **3:3**

Гол соққандар: Алияр Мұхаммед 5 (0:1), Педро Эужениo 26 (1:1), Абдуллай Диакате 40 (1:2), Фархат Мұсабеков 45+3 (1:3), Педро Эужениo 53 (2:3), Рай 73 Влут (3:3).

10-минутта М.Томасов («Астана») пенальтиден мүлт кетті

«АТЫРАУ» *(Атырау)* – **«ОРДАБАСЫ»** *(Шымкент)* – **2:1**

Гол соққандар: Николай Тарасов 29 (1:0), Эльхан Астанов 45+5 (1:1), Андрия Филипович 53 (2:1)

«ШАХТЕР» *(Қарағанды)* – **«ТОБЫЛ»** *(Қостанай)* – **4:1**

Гол соққандар: Тимур Досмағамбетов, 33-пен (1:0), Николай Ковталюк 47 (2:0), Тимур Досмағамбетов, 62-пен (3:0), Айбар Жақсылықов 70 (3:1), Роман Мұртазаев 81 (4:1);

«АҚТӨБЕ» *(Ақтөбе)* – **«АҚЖАЙЫҚ»** *(Орал)* – **2:1**

Гол соққандар: Оралхан Өміртаев 10 (0:1), Йоахим Адукор 49 (1:1), Сердер Сердеров 73 (2:1);

«ҚАЙРАТ» *(Алматы)* – **«ҚЫЗЫЛЖАР»** *(Петропавл)* – **1:1**

Гол соққандар: Сұлтанбек Астанов 45 (1:0), Дарко Зорич 64 (1:1)

«АҚСУ» *(Ақсу)* – **«КАСПИЙ»** *(Ақтау)* – **2:0**

Гол соққандар: Али 9 Гаджибеков (1:0), Еркебұлан Тұнғышбаев 84 (2:0)

«МАҚТААРАЛ» *(Мақтаарал)* – **«ТАРАЗ»** *(Тараз)* – **0:1**

Гол соққан: Мақсат Әмірханов, 77 (0:1)

10 ТУР

«ҚЫЗЫЛЖАР» *(Петропавл)* – **«ТАРАЗ»** *(Тараз)* – **1:1**

Гол соққандар: Мишель Нкололо 79 (1:0), Елдос Ахметов 90+2-пен (1:1);

«ОРДАБАСЫ» *(Шымкент)* – **«АСТАНА»** *(Нұр-Сұлтан)* – **1:2**

Гол соққандар: Педро Эужениo 16 (0:1), Серж Ньюадзи 44 (1:1), Станислав Басманов 90+5 (1:2);

«ҚАЙРАТ» *(Алматы)* – **«АТЫРАУ»** *(Атырау)* – **0:3**

Гол соққандар: Николай Тарасов 15 (0:1), 39 (0:2), Андрия Филипович 45+2 (0:3);

«ТОБЫЛ» *(Қостанай)* – **«АҚСУ»** *(Ақсу)* – **2:0**

Гол соққандар: Зоран Тошич 12 (1:0), Асхат Тағыберген 73 (2:0);

«АҚЖАЙЫҚ» *(Орал)* – **«МАҚТААРАЛ»** *(Мақтаарал)* – **0:0**

«КАСПИЙ» *(Ақтау)* – **«АҚТӨБЕ»** *(Ақтөбе)* – **2:0**

Гол соққандар: Артем Барановский 80 (1:0), Еркебұлан Нұрғалиев 88 (2:0);

«ТҰРАН» *(Түркістан)* – **«ШАХТЕР»** *(Қарағанды)* – **2:0**

Гол соққан: Шоқан Абзалов 7 (1:0), 55 (2:0);

10-ТУРДАН КЕЙІНГІ ТУРНИР КЕСТЕСІ

№	Команда	О	Ұ	Т	Ж	Д-А	Ұп.
1	Каспий	10	6	1	3	12-9	19
2	Тараз	10	5	3	2	12-7	18
3	Астана	10	5	2	3	16-11	17
4	Атырау	10	5	2	3	12-8	17
5	Тобыл	10	4	3	3	14-12	15
6	Ордабасы	10	4	2	4	14-11	14
7	Ақтөбе	10	4	2	4	9-13	14
8	Шахтер	9	4	1	4	15-12	13
9	Қайрат	10	3	4	3	9-10	13
10	Тұран	9	2	5	2	6-7	11
11	Ақжайық	9	3	2	4	4-6	11
12	Ақсу	9	3	1	5	8-10	10
13	Қызылжар	10	1	5	4	7-12	8
14	Мақтаарал	10	1	3	6	6-16	6

Бетті дайындаған – **Едіге ОРАЗ**

● **МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ** – *«Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС*

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Заңғар КЕРІМ – Бас редактор
Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ЫДЫРЫС – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы
Байланыс тел.: +77023840194
Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202
• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан Қайғы көшесі, 73-үй.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Жазылу индексі – 64190
• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.

• Тапсырыс – 627 • Таралымы – 3085 дана